

**Павлодар облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 26 қарашадағы № 101/8 шешіміне "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекеменің Ережесін бекіту туралы" өзгерістер енгізу туралы**

Павлодар облыстық мәслихатының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 28/2 шешімі

Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Павлодар облыстық мәслихатының 2021 жылғы 26 қарашадағы "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекеменің Ережесін бекіту туралы" № 101/8 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңындармен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы Үлгілік ережеге сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**";

"Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихат аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат төрағасы*

*И. Теренченко*

Облыстық мәслихаттың

2023 жылғы 27 сәуірдегі

№ 28/2 шешіміне

қосымша

Павлодар облыстық

мәслихатының 2021 жылғы

26 қарашадағы № 101/8

шешімімен бекітілді

**"Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекеме туралы Ереже 1 тарау.  
Жалпы ережелер**

1. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Павлодар облысы мәслихатын ұйымдастыруышылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, депутаттарға өздерінің өкілеттіктерін

жүзеге асыруға көмек көрсететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Павлодар облыстық мәслихаты төрағасының өкімімен ресімделетін шешімдер және "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облыстық мәслихаттың шешімімен бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ак. Сәтпаев көшесі, 49.

Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі:

дүйсенбі - жұма сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

10. Мемлекеттік органдың толық атауы – "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік

мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2 тарау. Мемлекеттік органның міндеттері, мақсаттары, мәні және өкілеттіктері**

14. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің міндеттері, мақсаттары, мәні, өкілеттіктері.

15. Міндеттері:

1) облыстық мәслихаттың сессиялардағы қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрақты комиссиялар, өзге органдар мен депутаттар арқылы қамтамасыз ету;

2) облыстық мәслихаттың сессияларында жергілікті бюджеттердің кірістерін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілерді және азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді қабылдауды қамтамасыз ету;

3) депутаттарды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, облыстық мәслихат қабылдайтын нормативтік құқықтық актілерді тіркеу және олардың орындалуына талдау жүргізу жөніндегі реттеуші функциялармен қамтамасыз ету;

4) облыстық мәслихат депутаттарының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

5) "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыстық мәслихаттың қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастыру-техникалық және басқа да жағдайларды өкілеттіктер шеңберінде қамтамасыз ету;

6) облыстық мәслихаттың ашық отырыстарын "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыстық мәслихаттың интернет-ресурсында онлайн режимінде трансляциялауды қамтамасыз ету;

7) Облыстық мәслихат депутаттарының депутаттық өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты біліктілігін арттыру жөнінде ұсыныстар дайындау және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес облыстық мәслихат депутаттарының біліктілігін арттыруға арналған шығыстарды жоспарлау.

16. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мақсаты мен қызметінің мәні мәслихатты, оның тұрақты комиссияларын ұйымдастырушылық, құқықтық, метриялық-техникалық қамтамасыз ету, депутаттарға олардың өкілеттіктерін жүзеге асыруда көмек көрсету болып табылады.

17. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

1-1) облыстық мәслихат қызметінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдардан белгіленген тәртіппен ақпарат сұрату;

1-2) облыстық мәслихат сессиясының, тұрақты (уақытша) комиссиялардың қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға қатысу үшін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерін тарту;

1-3) депутаттардың сауалдары мен депутаттық ұсыныстарды уақтылы қарауды және іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар мен ұйымдарға депутаттық сауалдар, ұсыныстар, пікірлер, хабарламалар, шағымдар жіберу;

1-4) қабылданған шешімдердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

## 2) Міндеттері:

2-1) ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеу;

2-2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының мұдделерін сақтау;

2-3) қызметтің қоғамдық маңызы бар салаларында белгіленетін жалпы мемлекеттік стандарттарды ұстану;

2-4) азаматтардың құқықтары мен заңды мұдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

## 18. Функциялар:

1) мәслихаттың облыстық мәслихат бекіткен Жұмыс жоспарының негізінде, сондай-ақ мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдары, депутаттар топтары мен депутаттар, облыс әкімі енгізетін мәселелер бойынша облыстық мәслихат сессиясын дайындауды және өткізу ді қамтамасыз етеді;

2) облыстық мәслихаттың сессияларында жергілікті бюджеттердің кірістерін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілерді және облыс мәслихаттың құзыреті шегінде қабылданған және азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді қабылдауды қамтамасыз ету;

3) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты жалпыға міндетті маңызы бар мәслихаттың шешімдерін әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді және нормативтік құқықтық актілерге заңдық сараптама жүргізу ді қамтамасыз ету;

4) облыстық мәслихат қабылдаған және (немесе) әзірлеушілері болып табылатын не Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен олардың құзыретіне жататын ескірген, сыйайлас жемқорлық сипаты бар және тиімсіз іске асырылатын құқық нормаларының нормативтік құқықтық актілеріне қатысты тұрақты құқықтық мониторингті қамтамасыз ету;

5) мәслихат қызметтің қамтамасыз етуге арналған шығыстарды айқындау, іссапар шығыстарын өтеу, депутаттардың депутаттық қызметтің жүзеге асыру үшін қажетті кеңсе керек-жарақтарымен және өзге де тауарлармен қамтамасыз ету;

6) "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыстық мәслихат сессияларын өткізуді, олардың онлайн-трансляциясын және облыстық мәслихаттың басқа да отырыстарын ұйымдастырушылық-техникалық жағынан қамтамасыз ету;

7) "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыстық мәслихаттың ресми сайтының үздіксіз жұмыс істеуін және уақтылы өзектілендірілуін қамтамасыз ету;

8) облыстық мәслихат қабылдаған нормативтік құқықтық актілерді "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру;

9) әзірлеуші облыстық мәслихат болып табылатын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына орналастыру;

10) облыстық мәслихаттың жұмыс жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді және оны облыстық мәслихат сессиясының қарauына енгізеді;

11) облыстық мәслихаттың Медиа-жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету;

12) тұрақты комиссиялардың отырыстарын, көпшілік тыңдауларын, "дөңгелек үстелдерді", жұмыс сапарларын және т. б. дайындауды жүзеге асыру, тұрақты комиссиялардың мүшелеріне қаралатын мәселелердің мәні бойынша материалдарды талдау, қорыту және уақтылы ұсыну, комиссиялардың қаулыларының жобаларын әзірлеу және комиссия төрағаларымен келісу;

13) облыстық мәслихат сайты, баспа және электрондық БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы тұрақты комиссиялар депутаттары жұмысының ашықтығын және жариялышының қамтамасыз ету;

14) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-Заң) сәйкес сайлаушылардың кездесулер мен қабылдауларда айтқан өтініштерінің, ұсыныстардың, проблемалық мәселелердің қорытындылары бойынша депутаттық сауалдар дайындауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ қажет болған жағдайда депутат ұсыныстарының жобасын әзірлеп және оны облыстық бюджеттің жобаларына, облыстың даму жоспарлары мен бағдарламаларына енгізу;

15) сот органдарында облыстық мәслихат мұдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

16) облыстық мәслихат қызметінің мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

### **3 тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшының екілеттігі, алқалы органдардың мәртебесі**

19. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне

жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын облыстық мәслихаттың төрағасы жүзеге асырады.

20. Облыс мәслихатының тұрақты негізде жұмыс істейтін лаузымды адам болып табылады.

21. Облыс мәслихаты төрағасының өкілеттіктері:

1) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуді ұйымдастырады, сессияның күн тәртібін қалыптастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді, мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

2) облыстық мәслихаттың сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды;

3) облыстық мәслихат сессиясының отырысын жүргізеді, мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

4) облыстық мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына қатысу үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

5) депутаттар сауалдарының және депутаттың өтініштердің қаралуын бақылайды;

6) облыстық мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады;

7) сайлаушылардың өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы облыстық мәслихатқа ұдайы ақпарат беріп отырады;

8) облыстық мәслихаттың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

9) Заңның 24-бабына сәйкес әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамашы болған облыстық мәслихат депутаттарының жиналған қолдарының түпнұсқалығын тексеруді ұйымдастырады;

10) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

11) мәслихаттың тұрақты комиссияларының, өзге де органдарының және депутаттың топтардың қызметін үйлестіреді;

12) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда облыстық мәслихаттың атынан өкіл болады;

13) облыстық мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі шараларды белгілейді;

14) облыстық мәслихаттың қарауына облыстық тексеру комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындауға кандидатураларды, сондай-ақ оларды қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді;

15) егер мәслихат сессиясында дауыс беру кезінде депутаттардың дауысы тен белгілінген жағдайда, шешуші дауыс құқығын пайдаланады;

16) заңнамада белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде облыстық мәслихат аппаратының қызметкерлерін көтермелейді және тәртіптік жаза қолданады;

17) "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінде сыйайлар жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлар жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады.

18) облыстық мәслихаттың төрағасы болмаған кезде оның өкілеттігін тұрақты негізде жұмыс істейтін облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы уақытша жүзеге асырады;

облыстық мәслихаттың төрағасы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы уақытша жүзеге асырады);

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында, регламентте және мәслихат шешімінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды;

22. Облыстық мәслихаттың төрағасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес облыс мәслихаты аппараты басшысының өкілеттігін айқындайды.

23. Облыс мәслихатының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке сайланатын және қызметтен босатылатын облыс мәслихатының төрағасы басқарады

24. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіндегі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен өзара қарым-қатынастар.

25. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі үекілетті орган (жергілікті атқарушы орган) арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

#### **4 тарау. Мемлекеттік органдың мүлкі**

26. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

27. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

28. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша

өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5 тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

29. "Павлодар облысы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК